

Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы ережелерді және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 қазан 1994 ж. N 1094. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жоғары оқу орындарында запастағы офицерлер даярлауды тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы қоса беріліп отырған ережелер және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қарамағында жоғары оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті 1994 жыл ішінде запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің (курсанттарының) әскери даярлығын ұйымдастыруға көшуді жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жүктелсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"ССРО Министрлер Кеңесінің "Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы ережесін және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесі бекіту туралы" 1990 жылдың 31 тамызындағы N 880 қаулысы туралы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 5 қазандағы N 407 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ, 1990 ж., N 24, 131-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан

Республикасының жоғары оқу орындары әскери кафедраларын қайта құру туралы" 1992 жылдың 31 тамызындағы N 723 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 жыл, N 34, 524-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 3 қазандағы
N 1094 қаулысымен
Бекітілген

Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар студенттер (курсанттар) қатарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау мақсатында құрылады.

Бұдан әрі текст бойынша - студенттер (курсанттар) - студенттер.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Білім министрлігінің ортақ шешімімен жекелеген жоғары оқу орындарында жоғары оқу орындары аралық әскери кафедралар құрылуы мүмкін.

2. Студенттермен оқу-тәрбие жұмысын оқу бағдарламалары мен әскери жарғыларға сәйкес әскери кафедралар жүргізеді. Ол оқыту бағдарламаларында көзделген теориялық ережелерді студенттердің толық меңгеруіне және қару-жаракты қолдану мен әскери техниканы пайдалануда, алған әскери мамандығына сәйкес бөлімшелерге басшылық жасауды оларда берік практикалық дағдылардың қалыптасуына бағытталуы керек.

3. Әскери кафедралар өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңдарын, әскери жарғыларды, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі мен Білім министрінің бұйрықтары мен директиваларын және осы Ережені басшылыққа алады.

Дәрігерлердің білімін жетілдіру институттар жанындағы және медициналық институттар жанындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру факультеттеріндегі әскери кафедралардың запастағы медициналық қызмет офицерлерінің (қатардағы жауынгерлер мен сержанттардың) әскери-медициналық білімін жетілдіру жөніндегі әскери даярлықты ұйымдастыру мен жүргізуге байланысты қызмет ісі

осы Ереженің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Әскери кафедралардың офицер құрамындағы адамдары мен прапорщиктерінің әскери қызметті атқару тәртібі әскери жарғылар және тәлімдемелермен және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

5. Әскери кафедраның штаты: профессор-оқытушы құрамнан, инженерлік-техникалық және қосымша-оқу қызметкерлерінен тұрады.

Профессор-оқытушы құрамға: әскери кафедра бастығы, әскери кафедра бастығының орынбасары, әскери кафедра бастығының орынбасары - оқу бөлімінің бастығы, әскери кафедра циклдерінің бастықтары - аға оқытушылар, әскери кафедраның аға оқытушылары мен оқытушылары сондай-ақ ассистенттері жатады.

Инженерлік-техникалық қызметкерлерге: оқу техникасы мен жаттығу аппаратурасының бөлімше бастығы, аға инженер, инженер, аға нұсқаушылар мен барлық атаулардың нұсқаушылары, жөндеу шеберханасының бастығы жатады.

Профессорлық-оқытушы құрамының, инженерлік-техникалық және оқу-көмекші қызметкерлері лауазымдарының тізбесі әскери кафедраның штат кестесімен белгіленеді, оны Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және қарауында жоғары оқу орындары бар басқа да министрліктер қарап, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің мен келісуімен бекітеді.

Әскери кафедралардың офицерлік құрамы үшін штаттық-лауазымдық санаттарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Білім және мәдениет министрлігімен бірлесе отырып, жоғары оқу орнының мәртебесіне және әскери кафедра оқитын студенттердің (курсанттардың) санына сәйкес белгілейді:

Лауазым	Әскери атақ
---------	-------------

Профессорлық-оқытушылық құрам

Әскери кафедра бастығы	полковник
Әскери кафедра бастығының орынбасары***	подполковник, полковник
Әскери кафедра бастығының орынбасары - оқу бөлімінің бастығы	подполковник, полковник
Әскери кафедра циклының бастығы - әскери кафедраның аға оқытушысы	подполковник, полковник
Әскери кафедраның аға оқытушысы	майор, подполковник
Әскери кафедраның оқытушысы	майор

Инженерлік-техникалық құрам

Оқу техникасы мен жаттықтыру аппа.	майор
ратурасы	бөлімшесінің бастығы
Аға инженер	капитан
Инженер	аға лейтенант
Жөндеу шеберханасының бастығы	аға лейтенант
Аға нұсқаушы, барлық атаудағы	прапорщик
нұсқаушылар	

кафедра* Ескерту: Профессорлық-оқытушы құрамының жалпы саны 20 және одан да көп, әр түрлі әскер тектерінің екі немесе одан да көп әскери-есепке алу мамандықтары бойынша әскери даярлықты жүзеге асыратын әскери кафедралар үшін ғана.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.15. N 443 , 1997.04.23. N 638 , 2003.08.12. N 803 қаулыларымен .

6. Профессор-оқытушы құрамның жалпы штат саны:

- 15 адамнан көп әскери кафедраларда әскери кафедра цикл бастығының - аға оқытушының (арнаулы пәндердің аға оқытушысы) басшылығымен саны 5 адамнан аспайтын циклдер ұйымдастырылады.

- 20 не одан артық адамы бар, екі не одан да көп әскери-есеп мамандықтары бойынша әскери даярлықты жүргізетін әскери кафедраларда әскери кафедра бастығының орынбасары лауазымы белгіленеді.

Аға оқытушылар саны (цикл бастықтарын - аға оқытушыларды (қоса) кафедраның (циклдық) профессор-оқытушы құрамының санынан 40 процент шегінде белгіленеді. Ассистенттердің саны кафедраның профессорлық-оқытушы құрамының адам санының 15 проценті шегінде белгіленеді.

Әскери кафедраларда практикалық оқу-сабақтар мен жаттығуларды жүргізу үшін, оқу техникасы мен жаттығу аппаратурасын ұстау және оған қызмет көрсету үшін тұрақты құрамның белгіленген жалпы саны шегінде оқу техникасы мен жаттығу аппаратурасының штаттық бөлімшесі құрылуы мүмкін.

Бұл бөлімшелер қару-жарақ пен әскери техниканың табельдік күрделі кешендері бар және қала маңында оқу орталықтары бар әскери кафедраларда құрылады .

Қала маңында оқу орталықтары жоқ, бірақ техника мен мүліктің саны көп әскери кафедраларда кафедра штатына инженерлік-техникалық қызметкерлердің жекелеген лауазымдары енгізілуі мүмкін.

Әскери кафедраның инженерлік-техникалық және қосымша-оқу қызметкерлерінің саны аудиторлық қордың, лабораториялардың, шеберханалардың ату тирлерінің, парктердің, гараждар мен басқа да оқу

объектілерінің бар болуы мен оларды ұстауды және жаттығу қару-жарақтары, әскери техника мен мүліктің, оқытудың техникалық құралдарының бар болуын, сондай-ақ әскери даярлық бойынша оқу процесін қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс көлемін ескере отырып анықталады. Ол кафедра профессор-оқытушы құрамның штаттық санынан 90 процент шегінде белгіленеді.

< * >

Әскери даярлық бағдарламасына сәйкес студенттерді "В", "С" санаттарындағы автомобильдерді жүргізуге үйрететін әскери кафедралардың штаттарында студенттердің орташа санын ескере отырып, бір шеберге 1:25 болып келетіндей көлік құралдарын жүргізу жөніндегі өндірістік оқыту шеберлерінің қосымша лауазымы көзделеді. Қосымша-оқу қызметкерлерінің жалпы санына бұл шеберлер енгізілмейді.

Әскери кафедралардағы циклдер саны мен олардың атауын, сондай-ақ профессор-оқытушы құрамның, оқу техникасы мен жаттығу аппаратурасы бөлімшелерінің және инженерлік-техникалық қызметкерлердің саны мен құрамын Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволармен бірлесе отырып Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.04.23. N 638 , 2003.08.12. N 803 қаулыларымен .

7. Инженерлік-техникалық және қосымша-оқу қызметкерлерінің, сондай-ақ оқу техникасы мен жаттығу аппаратурасы бөлімшесінің жеке құрамы міндеттерін белгілеуді оқу бөлімінің бастығы - әскери кафедра бастығының орынбасары жүргізеді және оны әскери кафедра бастығы бекітеді.

II. Әскери кафедра лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

8. Әскери кафедра бастығы студенттердің әскери даярлығын ұйымдастыру мен оның сапалылығына және олармен жоғары оқу орнында, әскери бөлімдер мен кемелерде оқу жиындарын (тағылымдамаларды) өткізу кезінде тәрбие жұмысын жүргізуге, командирлік және әдістемелік даярлықты ұйымдастыруға, оны сапалы жүргізуге, кафедраның жеке құрамы арасында әскери, еңбек тәртіптілігін, моральдық жай-күйді сақтауға, жаттығу қару-жарағы, әскери техника, автокөлік пен әскери-оқу мүлігінің жай-күйі мен сақталуына, мемлекеттік және әскери құпияны сақтауды қамтамасыз етуге толық жауапты болады.

Әскери кафедра бастығы кафедраның бүкіл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің

запастағы офицерлерді даярлауға жауапты құрылымдық бөлімшесі бастығы мен жоғары оқу орнының ректорына бағынады және жоғары оқу орнының ғылыми кеңес құрамына кіреді.

Әскери кафедра бастықтарына барлық өкімдер мен нұсқаулар тек жоғары оқу орындарының ректорлары арқылы беріледі.

Әскери кафедра бастығының:

- жоғары оқу орны, факультеттер мен жоғары оқу орны жанындағы басқа мекемелердің кеңестерінде оқу, ғылыми және тәрбие жұмысының маңызды мәселелерін талдауға қатысуға;

- студенттерді әскери оқытудың жоғары оқу орнының ерекшеліктеріне анағұрлым толық сай келетін және оқу процесінің жоғары сапалылығын қамтамасыз ететін әдістері мен құралдарын анықтауға;

- профессор-оқытушы құрамды, қосымша-оқу қызметкерлері мен әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және осы Ереженің 27-бабына сәйкес оқу материалдық-техникалық базаны дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартуға;

- орындалатын әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, өнертабыстық және рационализаторлық жұмыстарды ескере отырып оқытушылар арасында оқу жұмыс көлемін бөлуге;

- осы Ереженің 34 бабына сәйкес студенттерге қатысты мадақтау мен тәртіптілік жағынан ықпал ету шараларын қолдануға, ал кафедраның жеке құрамына қатысты бұл шараларды қолданылып жүрген әскери жарғылар мен заңдарға сәйкес қолдануға;

- студенттерді әскери оқыту мен кафедраның жеке құрамы бойынша бұйрықтарды шығаруға құқы бар.

Әскери кафедра бастығы:

- кафедраның оқу, тәрбие, әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және офицер құрамы мен прапорщиктердің (мичмандардың) командирлік даярлығына басшылық жасауға;

- жоғары оқу орнының факультеттері және кафедраларымен арнайы пәндерді оқу жөніндегі оқу бағдарламаларын олармен үйлестіру мақсатында оқу әдістемелік байланысты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- студенттермен оқу-сабақтарын жүргізуге, сондай-ақ кафедраның профессор-оқытушы құрамымен командирлік, нұсқаулық-әдістемелік және көрсету оқу-сабақтарын өткізуге, оқытушылар жүргізетін оқу-сабақтарының сапалылығына бақылау жасауға;

- оқу процесін үнемі жетілдіруге және кафедра студенттері мен жеке құрамын оқыту мен тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы әдістерін енгізуге, әскери пәндерді жоғары ғылыми және әдістемелік дәрежеде оқытуды қамтамасыз етуге;

- кафедраның жұмыс күні тәртібін әзірлеуге және қолданылып жүрген әскери жарғыларға сәйкес ішкі тәртіпті сақтауға;

- профессор-оқытушы құрамы лауазымдарына әскери қызметін атқарып жүрген және запаста тұрған офицерлер қатарынан кандидаттарды іріктеуге қатысуға, қызмет орнына тағайындау үшін олардың кандидатураларын оқу орны ректорымен келісіп, шешуге құқы бар. Кафедраның офицер құрамын, прапорщиктерін аттестациялау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға;

- кафедраның әрбір офицерінің, прапорщигінің (мичманның) және қосымша-оқу қызметкерлерінің іскерлік, моральдық қасиеттері мен қабілеттілігін үнемі зерлеуге, оларға тиісті қамқорлық жасауға;

- қару-жаракты, әскери техниканы, автомобильдік көлікті, әскери-оқу мүлігін, оқу құралдары мен әдебиеттерді дұрыс сақтауды, есептеуді, ұстауды, қызмет көрсету мен пайдалануды қамтамасыз етуге;

- кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жасау, дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды мақсатты бағытта жүргізуге;

- кафедра жоспарлаушы, әдістемелік, қорытынды және басқа да қызметтік құжаттарды әзірлеуге басшылық жасауға;

- кафедрада мемлекеттік және әскери құпияны сақтауды қамтамасыз етуге, құпия және құпия емес іс жүргізудің жай-күйіне, қару-жарак, әскери техника, жарылғыш заттар, улы және агрессивті сұйық заттармен жұмыс істеу кезінде, атыс пен басқа жаттығуларды жүргізу кезінде жеке құрамның қауіпсіздік шараларын қатаң орындауына жүйелі бақылау жасауды жүзеге асыруға міндетті.

Әскери кафедра бастығына студенттерді әскери оқыту қорытындысы бойынша бұйрықтарды шығару, кафедраның жеке құрамы арасында және әскери бөлім бойынша міндеттерді бөліп беру, студенттерді әскери даярлықтан босату мен шеттеу туралы бұйрықтардың жобаларын әзірлеу мен жоғары оқу орны ректорына ұсыну жүктеледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803 қаулысымен .

9. Әскери кафедра бастығының орынбасары студенттердің әскери даярлығын ұйымдастыруға және оның сапалылығына; офицерлердің, прапорщиктердің (мичмандардың) командирлік және әдістемелік дайындығына; әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, өнертабыстық және рационализаторлық жұмыс жағдайына; кафедраның оқу материалдық-техникалық базасы мен өрт қауіпсіздігі жағдайына; кафедрада белгіленген құпиялық режимді қатаң сақтауға; жарғылық ішкі тәртіпті, әскери және еңбек тәртіптілігін сақтауға жауапты. Ол кафедра бастығына бағынады және кафедраның бүкіл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

Әскери кафедра бастығының орынбасары:

- бір немесе бірнеше мамандық бойынша кафедраның оқу жұмысына басшылық жасауға, студенттермен оқу-сабақтарын өзі жүргізуге, оқу процесін жоспарлауға қатысуға, оқытушылармен командирлік, нұсқаулық-әдістемелік және көрнекті оқу-сабақтарын жүргізуге және оны есепке алып отыруға;
- айына кем дегенде бір рет кафедраның жеке құрамының қолындағы қару-жарақ, әскери-техника мен құпия құжаттардың бар-жоқтығын өзі тексеруге;
- кафедрадағы ішкі тәртіп жағдайын қадағалауға, ішкі нарядтың (ведомстволық күзеттің) жауынгерлік қызметті атқаруын және оған дайындығын тексеруге;
- әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, өнертабыстық және рационализаторлық жұмыстарды жоспарлау мен оған басшылық жасауды жүзеге асыруға;
- оқу материалдық-техникалық базаны дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға, барлық оқу түрлерін, атыс жаттығулары мен басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде жеке құрамның қауіпсіздік шараларын сақтауын тексеруге;
- қамтамасыз ету табельдері мен нормалары бойынша материалдық құралдарды талап ету жөніндегі өтінімдерді уақтылы жасауға және тиісті үлес органдарына кейін ұсыну үшін бұл жайлы кафедра бастығына баяндауға міндетті.

10. Оқу бөлімінің бастығы - әскери кафедра бастығының орынбасары оқу процесін ұйымдастыруға, жоспарлауға және материалдық жағынан қамтамасыз етуге, жеке құрамды, жаттығу қару-жарағын, әскери техника мен әскери оқу мүлкін есепке алудың жай-күйіне; ішкі нарядтың (ведомстволық күзеттің) жауынгерлік қызметті атқаруына және оны ұйымдастыруға жауапты болады. Ол кафедра бастығына бағынады және кафедраның бүкіл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

Оқу бөлімінің бастығы - әскери кафедра бастығының орынбасары:

- офицерлер мен прапорщиктердің (мичмандардың) командирлік даярлығын, студенттердің әскери даярлығын, кафедраның қосымша-оқу қызметкерлерімен жүргізілетін оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстары мен арнаулы оқу-сабақтарын жоспарлауға, әскери бөлімдерде (кемелерде) студенттердің оқу жиындарын (тағылымдамаларын) жүргізу жөніндегі шараларды әзірлеуге;
- оқу сабақтарын оқу аудиторияларымен, лабораториялармен, әскери техника және оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етуді жоспарлауға;
- студенттермен оқу сабақтарын жүргізуге, оқытушылар құрамының оқу сабақтарын сапалы жүргізуіне бақылау жасауға міндетті. Студенттермен сынақшалар, курстық және оқу бітіру емтихандарын жүргізуді ұйымдастыруға;

- запас бойынша әскери офицерлік атақтарды беру жөніндегі аттестациялық қағаздарды және әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттерге есеп құжаттарын рәсімдеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен оған өзі басшылық жасауға;
- оқытушылардың іскерлік және моральдық қасиеттерін білуге, олармен нұсқаулық-әдістемелік және көрнекті оқу сабақтарын жүргізуге;
- әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, өнертабыстық пен рационализаторлық жұмыстар бойынша жоспар жасауға және оған қатысуға;
- оқу және әдістемелік жұмыстың алдыңғы қатарлы тәжірибесін қорытындылап, оны таратуға және оқу-тәрбие процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен шараларды әзірлеуге;
- оқытушылар арасында жұмыс көлемін бөліп беруге, оны есепке алуға, офицерлер мен прапорщиктердің жеке іс қағазын рәсімдеуге;
- қосымша-оқу қызметкерлерінің негізгі міндеттерін әзірлеуге және оны кафедра бастығының бекітуіне ұсынуға;
- құпия және құпия емес іс жүргізуді, кафедрадағы материалдық құралдардың барлық түрін есепке алуды ұйымдастыруға және жүйелі тексеруге міндетті.

Кафедра бастығы орынбасарының штаттық лауазымы жоқ әскери кафедраларда оның қызметін оқу бөлімінің бастығы - әскери кафедра бастығының орынбасары орындайды.

11. Әскери кафедраның цикл бастығы - аға оқытушы циклдің жеке құрамы арасында жоғары моральдық жай-күйді және тәртіпті сақтауға, студенттерге білім берудің сапалылығына және циклде олармен тәрбие жұмысын жүргізуге, офицерлердің командирлік даярлығына, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуге, циклда оқу материалдық-техникалық базаны жетілдіруге, циклге бекітіп берілген жаттығу қару-жарағы, әскери техника мен әскери-оқу мүліктерінің жай-күйіне, сақталуына және есепке алуға тікелей жауапты.

Ол әскери кафедра бастығына бағынады және циклдің оқытушылар құрамы мен қосымша оқу қызметкерлері және циклде оқып жатқан студенттердің тікелей бастығы болып табылады.

Цикл бастығы - аға оқытушы:

- циклдағы оқу, әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық және өнертабыстық жұмысқа басшылық жасауға, студенттермен оқу сабақтарын, оқытушылармен командирлік, нұсқаулық-әдістемелік және көрнекті оқу сабақтарын өзі жүргізуге, циклда әзірленген оқу-әдістемелік құжаттаманы қарап, бекітуге;
- студенттерден сынақшалар мен емтихандар қабылдауды ұйымдастыруға және осы жұмысқа өзі қатысуға;
- циклдің оқытушылар құрамы мен қосымша оқу қызметкерлерінің іскерлік, моральдық қасиеттерін білуге, олардың жұмысына басшылық жасауға;

- студенттердің әскери даярлығын жоспарлауға қатысуға және олармен жоғары ғылыми және әдістемелік дәрежеде оқу сабақтарын өткізуді қамтамасыз е т у ғ а ;

- оқу сабақтары мен тәрбие жұмысын есепке алу журналдарын, студенттердің жеке кәртішкелерін жүргізуге, оларға аттестациялық іс қағаздарын (мінездемелер) ж а з у ғ а ;

- оқу-тәрбие жұмысында әскерлердің (күштердің) жауынгерлік әзірлік тәжірибесін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери-оқу орындарының тәжірибесін және әскери кафедралардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін оқып үйренуге, оны пайдалануға; студенттердің оқу сабақтары мен қару-жарақ және әскери техникамен жұмыс істеу кезінде белгіленген қауіпсіздік шараларын орындауына бақылау жасауды жүзеге асыруға міндетті.

12. Аға оқытушы (оқытушы) студенттермен әскери даярлық жөніндегі оқу сабақтарын жүргізуге және олардың бағдарламалық материалды сапалы игеруіне , олардың оқу взводтарында (топтарда) әскери жағынан тәрбие алуы мен тәртіптілік жайына жеке жауапкершілікте болады. Ол цикл бастығына бағынады, циклдері жоқ кафедраларда әскери кафедра бастығына бағынады.

Аға оқытушы (оқытушы) :

- студенттермен жоғары ғылыми және әдістемелік дәрежеде оқу сабақтарын өзі жүргізуге, студенттерге тұрақты практикалық және командирлік машықтарды д а р ы т у ғ а ;

- өзінің әскери және арнайы білім дәрежесін үнемі көтеруге, өзінің педагогтік шеберлігін ж е т і л д і р у г е ;

- оқу процесін жоспарлауға қатысуға, оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқу және көрнекті құралдарды әзірлеуге, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі тапсырмаларды у а қ ы т ы н д а о р ы н д а у ғ а ;

- әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық жұмыстарға қатысуға; әскери кафедра және жоғары оқу орны жоспарлары бойынша жүргізілетін қоғамдық істерге қ а т ы с у ғ а ;

- өзіне бекітіліп берілген оқу взводтарындағы (топтардағы) әрбір студенттің жеке қасиеттері мен қабілетін білуге, оларға жоғары талап қоюға, оларға қажетті әскери-кәсіби қасиеттерді қалыптастыруға;

- студенттердің оқу тапсырмаларын, практикалық және есеп-графикалық жұмыстарды орындауын тексеруге, оларды уақытында әрі сапалы орындауын т а л а п е т у ғ е ;

- оқу сабақтарын қажетті оқу әдебиеттерімен және көрнекті құралдармен, жаттығу қару-жарақтарымен, әскери техника және аспаптармен қамтамасыз етуге және олардың тұтастығы мен бұзылмауын қамтамасыз етуге, кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды

ж ү р г і з у г е ;

- студенттер арасында әскери-ғылыми және тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен ж ү р г і з у г е ;

- оқу сабақтары мен тәрбие жұмысын есепке алу журналдарын, студенттердің жеке кәртішкелерін жүргізуге, оларға аттестациялық іс-қағаздар (мінездемелер) ж а з у ғ а ;

- оқу-тәрбие жұмысында әскерлердің (күштердің) жауынгерлік даярлық тәжірибесін, әскери оқу орындары мен әскери кафедраның алдыңғы қатарлы тәжірибесін оқып-үйренуге және оны пайдалануға; оқу сабақтары және қару-жарақ пен әскери техникамен жұмыс істеу кезінде студенттердің белгіленген қауіпсіздік шараларын орындауына бақылау жасауды жүзеге асыруға м і н д е т т і .

О ғ а н қ о с а а ғ а о қ ы т у ш ы :

- өз пәні бойынша оқытушылардың оқу сабақтарына даярлығына басшылық жасауға және оларға әдістемелік көмек көрсетуге, сондай-ақ оқытушылардың студенттермен оқу сабақтарын сапалы жүргізуіне бақылау жасауды жүзеге а с ы р у ғ а ;

- оқу бағдарламасына сәйкес студенттер орындайтын бақылау жұмыстары үшін практикалық тапсырмалар мен міндеттерді өзі әзірлеуге, студенттерден алынатын сынақшалар мен емтихандарды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысуға м і н д е т т і .

13. Әскери кафедраның профессор-оқытушы құрамын сайлауға және жоғары оқу орнының (факультетінің) ғылыми кеңесіне (кеңеске) сайлануға; жоғары оқу орны, факультеттер мен жоғары оқу орны жанындағы басқа мекемелердің кеңестерінде маңызды оқу, ғылыми және тәрбие жұмысы мәселелерін талқылауға қатысуға; лабораторияларды, аудиторияларды, кабинеттерді, оқу залдарын, кітапханаларды, сондай-ақ есептеу орталықтарының, жоғары оқу орнының оқу және ғылыми мекемелерінің қызметтерін пайдалануға; өзінің жеке қабілетіне толық сай келетін және оқу процесін жоғары сапалылығын қамтамасыз ететін оқытудың әдістері мен құралдарын таңдауға; студенттерге қатысты моральдық ынталандыру және тәртіптілік жағынан ықпал жасау шараларын қолдануға құқы бар.

III. Әскери кафедраларды офицер құрамымен жасақтау

14. Әскери кафедралар жоғары әскери немесе жоғары әскери-арнаулы білімі бар, оң аттестацияланған офицер құрамымен және ерекшелік ретінде жоғары білім әрі оқытушылық қызметке бейім адамдармен жасақталады.

Офицер құрамын оқытушылық қызметке тағайындау, ауыстыру мен босату әдетте, оқу жылы аяқталған кезде жүргізіледі, ал жаңадан құрылған әскери кафедралар қызметіне офицерлерді тағайындау әскери даярлық жөніндегі оқу сабақтарының басталуына кемінде алты ай қалғанға дейін жүргізіледі.

Кадрдағы офицерлермен жасақтау мүмкіндігінің жоқ болуына байланысты әскери кафедралардың профессор-оқытушы құрамының штаттық қызмет орындарын жоғарыда аталған талаптарға сай келетін запастағы офицерлер баса алады.

Запастағы офицерлерді профессор-оқытушы құрам лауазымдарына әскери кафедра бастығының ұсынуымен жоғары оқу орындарының ректорлары тағайындайды.

Әскери кафедраларға кадрдағы офицерлер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен тағайындалады.

Оқу техникасы мен жаттықтыру аппаратурасы, инженерлік-техникалық қызметкерлердің офицерлік құрамы лауазымдарына офицерлер мен прапорщиктерді тағайындауға болады.

Әскери кафедраларға қызмет бабы бойынша теріс аттестацияланған, тәртіп бұзған немесе өз міндеттерін орындай алмаған офицерлерді тағайындауға жол берілмейді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.15. N 443 қаулысымен.

15. Әскери даярлықты жүргізуші оқытушылар құрамында запастағы офицерлер саны әскери кафедра профессор-оқытушы құрамының штат бірлігінің жалпы санынан 20 процент, ал әскери мамандықтар бойынша азық-түлік, заттай, қаржы, медициналық, ветеринарлық қызмет пен шетел тілін оқуға байланысты мамандықтар бойынша - 30 процент, дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарында 50 проценттен аспауы керек.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.04.23. N 638 қаулысымен.

16. Кафедралардың бастықтары, олардың орынбасарлары, оқу бөлімдерінің бастықтары - әскери кафедра бастықтарының орынбасарлары лауазымдарына тағайындалатын кандидаттар Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорларымен, Қарулы Күштер түрлерінің тиісті Қолбасшыларымен, әскер тектері бастықтарымен, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер, ведомстволарымен келісіледі. Әскери кафедралардың барлық басқа лауазымдарына таңдап алынған кандидаттар тікелей жоғары оқу орындарының ректорларымен келісіледі.

17. Жеке құрам бойынша:

- әскери кафедралардың бастықтары, олардың орынбасарлары және оқу

бөлімдерінің бастықтары - әскери кафедра бастықтарының орынбасарлары лауазымдарына офицерлерді тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері қарауында жоғары оқу орындары бар Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволарына және жоғары оқу орындары ректорларына;

- әскери кафедралардың басқа лауазымдарына офицерлерді (прапорщиктерді) тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері жоғары оқу орындарының ректорларына жіберіледі.

Министрліктерге, ведомстволарға және жоғары оқу орындарына жіберілетін бұйрықтардың көшірмелерінде офицерлер мен прапорщиктер тағайындалған әскери бөлімдердің тек шартты атауы көрсетіледі.

IV. Әскери кафедралардың офицер құрамының командирлік және әдістемелік даярлығын ұйымдастыру, біліктілігін арттыру және аттестация жүргізу

18. Әскери кафедралардың офицер құрамының командирлік даярлығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтары мен директиваларына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскер тектері бастықтарының, басқармалар бастықтарының жауынгерлік даярлық жөніндегі ұйымдық-әдістемелік нұсқауларының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Әскери кафедралардың офицер құрамымен командирлік даярлықты жүргізудің негізгі мақсаты - олардың әскери-кәсіби білімдері мен әдістемелік дағдыларын арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

19. Әскери кафедралардағы командирлік даярлық тиісті бұйрықтар мен директиваларға сәйкес белгіленген мерзімде жиындар және жоспарланған оқу сабақтары үлгісінде жүргізіледі.

20. Әскери кафедралардың офицерлерінің командирлік даярлығы жөніндегі бағдарламалар мен ұйымдастыру нұсқауларын тиісті әскери мамандықтар бойынша студенттердің әскери даярлығына басшылық жүргізетін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басқармалары, Қарулы Күштер түрінің қолбасшылары, әскер тектерінің бастықтары әзірлейді.

21. Әскери қызметті атқарып жүрген офицерлер қатарындағы әскери кафедралардың оқытушылар құрамы әскери бөлімдер (кемелер) мен әскери оқу орындарына, курстарға немесе тағылымдамаға біліктілігін арттыру үшін жиі жіберіліп отырылады.

Әскери кафедралар офицерлерінің тағылымдамалары мен олардың

курстардағы даярлығын жоспарлауды әскери кафедралар бастықтарының өтінімдері бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің запастағы офицерлерді даярлауға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

22. Әскери бөлімдер (кемелер) мен әскери оқу орындарына тағлымдамаға немесе курстарға жіберілген, сондай-ақ жоғары әскери-оқу орындарында сырттай оқуына байланысты оқу жиындарына немесе азаматтық жоғары оқу орындарында сырттай оқуына байланысты емтихандық сессияларға жіберілген әскери кафедралардың офицерлері әскери кафедралардың штатынан шығарылмады.

Жоғары оқу орындары ректорларының келісімімен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің командалық-штаб әскери және арнаулы жаттығулары мен басқа да шараларын жүргізу үшін әскери кафедралардың офицерлерінің (прапорщиктерінің, мичмандардың) тізімдік санының 20 процентін тартуға рұқсат етіледі.

23. Әскери кафедраларды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтары мен директивалары және басқа да қызмет құжаттарымен қамтамасыз етуді тиісті әскери органдар жүргізеді.

Офицерлер қызмет құжаттарымен, соның ішінде әскери кафедраларға жіберілмейтін белгі қойылған құжаттармен танысу үшін, оларды әскерлердегі жаңа қару-жарақпен, әскери техникамен және тәрбие жұмысының ұйымдастыру шараларымен таныстыру үшін әскер тектері бастықтарының бұйрықтарымен әскери кафедралар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне (кемелерге), әскери оқу орындары мен мекемелеріне бекітіледі.

24. Әскери қызметін атқарып жүрген әскери кафедралардың офицер құрамын аттестациялау, олардың жеке іс қағазы мен басқа құжаттарын жүргізу Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлері үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

V. Әскери кафедралардағы әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық және өнертабыстық жұмыстар

25. Әскери кафедралардағы әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық және өнертабыстық жұмыстардың негізгі нысандары мен бағыттары мыналар болып табылады:

а) әдістемелік жұмыс саласында:

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жақсарту мәселелері бойынша әдістемелік жиындар мен кеңестерді, ғылыми-әдістемелік конференциялар мен семинарларды жүргізу;

- нұсқаулық-әдістемелік, көрнекті және ашық оқу сабақтарын ұйымдастыру әрі жүргізу, сондай-ақ оқытушы құрамның оқу сабақтарына өзара алмасып қ а т ы с у ы ;

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу әдістері бойынша лекцияларды, баяндамаларды, рефераттар мен басқа материалдарды әзірлеу;

- оқу-тәрбие процесіне әскерлердің (күштердің) жауынгерлік даярлық тәжірибесін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери оқу орындарының алдыңғы қатарлы тәжірибесін талдау, қорытындылау мен енгізу;

- студенттерді әскери оқыту мен тәрбиелеудің анағұрлым өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу;

- жекелеген пәндерді оқытудың әдістерін әзірлеу және оқу сабақтарында дербес компьютерлерді, оқытудың техникалық құралдарын, көрнекті құралдарды , қару-жарақ пен әскери техниканың нақты үлгілерін, кинофильмдерді, диафильмдерді және студенттердің әскери даярлықтың тиісті пәндерін оқып-үйрену сапалылығын арттыратын басқа да оқыту құралдарын пайдалану;

б) ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысы саласында:

- әскери білім беру, әскери педагогика мен психологияның өзекті проблемаларын, оқу процесін және студенттер мен педагог кадрлардың әскери даярлығының барлық жүйесін одан әрі жетілдіру, әскери кафедралардың оқу материалдық-техникалық базасын дамыту мәселелерін жан-жақты зерттеуді ж ү р г і з у ;

- студенттерді тәрбиелеу, моральдық-психологиялық даярлау мәселелерін зерттеу, оқу процесіне әскерлердің (күштердің) жауынгерлік даярлығының алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен әскери жаттығулардың қорытындыларын енгізу ;

- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын тереңірек талдауды жүргізу, оқу орындарының басқа кафедралардағы бір тектес және аралас пәндерді, әскери кафедралардағы тиісті пәндерді оқытудың оқу жоспарлары мен бағдарламаларына осы пәндердің толық үйлесуін қамтамасыз ету мақсатында з е р т т е у ;

- оқу құралдарын әзірлеу, әскери-ғылыми (теориялық), техникалық, әдістемелік, ұрыс жаттығулары жөніндегі, ұшу-техникалық және әскери-тарихи конференцияларды, ғылыми кеңестер мен семинарларды әзірлеу мен өткізу;

- ережелер, тәлімдемелер, басшылыққа алынатын құжаттар, нұсқаулықтар мен басқа да нормативті құжаттардың жобаларын әзірлеу мен талқылауға қатысу , ғылыми баяндамалар, мақалалар мен рефераттарды әзірлеу;

- кафедра оқытушы құрамының ғылыми біліктілігін арттыру, олардың кандидаттық емтихандарды тапсыру, диссертацияны әзірлеу мен қорғау, әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу сипаттағы зерттеу жұмыстарын орындау

жөніндегі шараларды өткізу;

Әскери кафедрадағы ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстары бекітілген перспективалық және жылдық жоспарларға сәйкес ұйымдастырылып, жүргізіледі.

Перспективалық жоспарда әскери кафедраның әскери ғылыми жұмысының негізгі бағыттары белгіленеді және осының негізінде жылдық жоспар жасалынады. Әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын олардың мамандануына байланысты кафедраларға басшылық жасайтын әскери командашы белгілейді. Әскери-ғылыми тақырыптың бағыты әскери кафедрада запастағы офицерлерді даярлаудың бағдарына сәйкес келуі к е р е к .

Әскери даярлықтан өтуші студенттер жоғары оқу орындарында белгіленген тәртіпке сәйкес әскери кафедрадағы әскери-ғылыми жұмысқа қатысады. Студенттер үшін бұл жұмыстардың тақырыптарын олардың мамандануын және белгіленген құпиялылық режимді сақтауды ескере отырып, әскери кафедралар б е л г і л е й д і .

в) рационализаторлық және өнертабыстық жұмыстар саласында:

- әскери кафедралардың оқу материалдық-техникалық базаларын жасау мен жетілдіру, аспаптарды, тренажерларды, қолданылып жүрген макеттер мен басқа көрнекті оқу құралдарын әзірлеу мен жетілдіру, әскери кафедрадағы қару-жарак әскери техника, оқу-жаттығу және техникалық оқу құралдарын оқу процесінде пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жүргізу.

Әскери кафедрадағы рационализаторлық және өнертабыстық жұмыстар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі.

VI. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда студенттердің әскери даярлығын ұйымдастыру

26. Әскери даярлықтан өту үшін студенттер іріктеуді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша да, ақылы негізде де жоғары оқу орындарында оқитын студенттер қатарынан ректордың атына берілетін олардың жеке өтініштері бойынша іріктеу комиссиясы жүргізеді.

Студенттерді іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

облыстардың қорғаныс істері жөніндегі департаментінің (аудандар мен қалалардың басқармалары мен бөлімдерінің) медициналық шақыру комиссиясының медициналық жағының куәландыру қорытындылары;

емтихан тапсыру қорытындылары бойынша айқындалатын оқу орнындағы студент үлгерімінің орташа жылдық балы;

жоғары оқу орындарының студенттері үшін белгіленген дене даярлығы бойынша нормативтерді орындау қорытындылары.

Осы көрсеткіштер құрамына мынадай өкілдер енетін іріктеу комиссиясының мәжілісінде қаралады:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен - төраға;
қарамағында жоғары оқу орындары бар министрліктерден - тең төраға;
қарамағында жоғары оқу орындары бар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен, министрліктерден, жоғары оқу орнынан - мүшелер.
Іріктеу комиссиясы мәжілісінің қорытындылары хаттамамен ресімделеді.

Іріктеу комиссиясы іріктеген студенттерді әскери даярлықтан өту үшін қабылдау әскери кафедра бастығының ұсынуы бойынша іріктеу комиссиясының хаттамасы негізінде жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803

қ а у л ы с ы м е н .

27. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда әскери даярлық теориялық және практикалық оқыту курстары мен әскери бөлімдердегі (кемелердегі, әскери оқу орындарындағы, оқу орталықтарындағы) оқу жиындарынан (тағлымдамалардан) құралады.

Әрі қарай текст бойынша (егер ерекше аталмаса) - әскери б ө л і м д е р .

Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда оған оқытушылардың басшылығымен өткізілетін міндетті аудиторлық және жеке оқу сабақтары мен студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары (өзін-өзі әзірлеу) енеді. Әскери кафедралардағы оқу сабақтары, әдетте, "әскери күн" әдісімен ө т к і з і л е д і .

28. Әскери даярлыққа қабылданған студенттер оқу взводтары бойынша 15-20 адам болып бөлінеді. Оқу взводтарының жеке құрамы мен студенттер қатарынан алынатын олардың командирлері әскери кафедра бастығының бұйрығымен т а ғ а й ы н д а л а д ы .

Оқу-жауынгерлік техниканы оқып-үйрену жөніндегі лабораториялық және практикалық оқу сабақтарын өткізу кезінде топографиялық карталарда, топографиялық (картографиялық) жұмыстарды орындау жөніндегі оқу сабақтарын, сондай-ақ имитациялық құралдарды қолданып өткізілетін оқу сабақтарын жүргізу кезінде оқу взводтары 7-10 адамнан тұратын жартылай в з в о д т а р ғ а б ө л і н е д і .

Радиоактивті, улы, жарылғыш заттарды, жарылуы қауіпті, улы және агрессивті сұйықтарды қолданып өткізілетін, ұрыс оқтарын, снарядтарды, гранаталарды алу негізінде жүргізілетін оқу сабақтарында, сондай-ақ жеңіл сүңгуірлік даярлық жөніндегі сабақтарда оқу топтарының саны 7 адамнан аспауы

к е р е к .

29. Студенттердің арнайы пәндерді оқып үйренуі олардың жоғары оқу орындарының азаматтық кафедраларында алған білімдері негізінде жүргізіледі. Студенттердің әскери даярлығының негізі жаттығу жүргізетін дала (теңіз, әуе) дағдысы мен мамандығы бойынша оларға командирлік және практикалық машықтарды дарыту болып табылады.

30. Студенттердің әскери қызметке жарамдылығы әскери кафедрадағы сабақ басталар алдында және әскерлердегі оқу-жаттығу жиындары (тағлымдамалар) басталар алдында, Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақырумен бірге жылына екі рет жүргізілетін жергілікті әскери басқару органдары әскери-дәрігерлік комиссиясының оларды медициналық жағынан куәландыру қорытындылары бойынша айқындалады. <*>

Студенттердің әуе-десанттық әскерлер мен Әскери-Теңіз Күштерінің жүзу құрамы мамандықтары бойынша әскери қызметке жарамдылығын денсаулығына байланысты қосымша талаптарды ескере отырып, аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың әскери-дәрігерлік комиссиялары анықтайды. Әскери-Теңіз Күштерінің жүзу құрамы мамандықтары бойынша әскери оқудан өтіп жатқан студенттер жеңілсүңгуірлік даярлық жөніндегі практикалық оқу сабақтарының басталуына дейін олардың су астына түсуге жарамдылығын анықтау мақсатында арнайы медициналық тексеруден өтеді.

Студенттердің ұшқыштар құрамы мамандықтары бойынша әскери қызметке жарамдылығын Қарулы Күштер авиациясының ұшқыштар құрамын медициналық жағынан куәландыру жөніндегі Ережемен белгіленген Қарулы Күштер авиациясының ұшқыштар құрамын даярлайтын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери-оқу орындарының кандидаттары мен курсанттарын куәландыру тәртібіне сәйкес ұшқыш-дәрігерлік комиссиялар анықтайды.

Денсаулығына байланысты бұрын әскери қызметке жарамсыз немесе жарамдылығы шектеулі деп танылған студенттер әскери даярлық басталғанға дейін аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың әскери-дәрігерлік комиссияларымен медициналық жағынан қайта куәландыруға жатады.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803

қ а у л ы с ы м е н .

31. Әскери оқу барысында студенттерді денсаулығына байланысты әскери даярлықтан босату аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың әскери-дәрігерлік комиссияларының медициналық жағынан куәландыруы негізінде жүргізіледі. Денсаулығына байланысты әскери даярлықтан өтуден босатылған студенттер әскери кафедра бастығының ұсынуымен оқу орны ректорының бұйрығында жарияланады.

32. Белгіленген тәртіп бойынша бір жоғары оқу орнынан екіншісіне, кешкі

немесе сырттай бөлімнен күндізгі бөлімге ауысқан студенттерді әскери даярлықтан өтуге қабылдау жөніндегі мәселені әрбір нақтылы жағдайда әскери кафедра бастығы қарайды және оның ұсынуымен бұл жайлы жоғары оқу орны ректорының бұйрығында жарияланады.

33. Студенттер әскери даярлық жөніндегі барлық оқу сабақтарында оқу взводтарының (бөлімшелерінің) командирлеріне тікелей бағынады.

Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттер:

- әскери даярлық бойынша емтихандар мен сынақшаларды мерзімінен бұрын тапсырып, одан кейін осы семестрде әскери кафедрадағы оқу сабақтарына қ а т ы с п а у ғ а ;

- әскери тақырыптар бойынша әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу ж ұ м ы с т а р ы н а қ а т ы с у ғ а ;

- кафедра басшыларының рұқсаты бойынша әскери даярлықты қысқартылған бағдарламамен және жеке жоспарлар бойынша өтуге (жоғары оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметін өтеген студенттер үшін) құқы бар.

С т у д е н т т е р :

- әскери істі адал ниетпен оқып-үйренуге, әскери даярлықтың белгіленген мамандығы бойынша командирлік, әдістемелік және практикалық дағдыларды т а б а н д ы л ы қ п е н м ең г е р у г е ;

- әскери даярлық жөніндегі оқу сабақтарында жалпы әскери жарғылар мен әскери кафедраның күн тәртібі талаптарын сақтауға;

- оқу сабақтарына шашын жинақты етіп, ұқыпты киініп келуге;

- оқыту бағдарламасында көзделген әскери даярлық жөніндегі оқу сабақтарының барлық түрлеріне үнемі қатысуға, әскери кафедра өткізетін шараларға қатысуға, әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіру ү ш і н ж ұ м ы с і с т е у г е ;

- мемлекеттік және қоғамдық мүлікті сақтауға, қару-жараққа, әскери техника мен әскери оқу мүліктеріне ұқыпты қарауға, қару, әскери техникамен жұмыс істегенде және басқа да жағдайларда қауіпсіздіктің барлық шараларын қатаң с а қ т а у ғ а ;

- өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға міндетті.

34. Студенттерге жоғары оқу орнында әскери даярлықтан өту кезеңінде төмендегідей ынталандырулар мен тәртіптілік жазалары қолданылады:

а) ы н т а л а н д ы р у л а р :

- а л ғ ы с ж а р и я л а у ;

- бұрын берілген тәртіптілік жазаны алу;

- г р а м о т а м е н н а г р а д т а у ;

б) т ә р т і п т і л і к ж а з а л а р ы ;

- с ө г і с ж а р и я л а у ;

- әскери даярлықтан шеттеу.

Әскери бөлімдерде студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өткізу

35. Әскери бөлімдердегі оқу жиындары (тағлымдамалары) студенттердің алатын әскери мамандықтары бойынша әскери оқытудың қорытынды кезеңі б о л ы п т а б ы л а д ы .

36. Жоғары оқу орнында әскери даярлықтың толық курсын өткен және белгіленген емтихандар мен сынақшалар тапсырған барлық студенттер оқу жиындарына (тағлымдамаларға) жіберіледі.

Әскери бөлімдерде оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өту кезеңінде студенттерге жиынға шақырылған әскери қызметшілер үшін қолданылып жүрген заңмен белгіленген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

Студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) жоспарлау үшін әскери кафедра бастықтары белгіленген нысан (осы Ережеге N 1 қосымша) бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне өтінімдерді ұсынады. Өтінімдер негізінде белгіленген нысан (осы Ережеге N 2 қосымша) бойынша әскери бөлімдерде студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өткізудің ж о с п а р ы ж а с а л ы н а д ы .

Осы жоспарларға сәйкес студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өткізу жоспарланған бөлімдердің командирлері жылдық өтінімдерде жауынгерлік даярлық үшін және оқу жиындарының (тағлымдамаларының) бағдарламасы бойынша студенттермен практикалық жұмыстар жүргізу үшін заттай мүліктерге, азық-түлікке, оқ-дәрілерге, жырылғыш заттарға, жару құралдарына, моторесурстар мен жанар мен жағар майға деген қажеттілікті арнайы түрде көрсетуге міндетті.

37. Студенттерді әскери бөлімдердегі оқу жиындарына (тағлымдамаларға) жіберуді әскери кафедралар әзірлеген жеке тізімдер бойынша әскери комиссариаттар жүргізеді.

Әскери жиындарға (тағлымдамаларға) жіберер алдында денсаулығына шағынған студенттер дәрігер-мамандар тексеру үшін әскери комиссиариаттарға жіберіледі. Әскери Әуе Күштері әскери бөлімдерінің ұшу тағлымдамаларына жіберілетін студенттер тиісті ұшқыш-дәрігерлік комиссияларда медициналық куәландырудан өтеді. Денсаулығына байланысты оқу жиындарын өтуге жарамсыз деп танылған адамдар, жиындар мен тағлымдамалардан босатылады және офицерлік құрамға аттестацияланбайды.

38. Әскери бөлімдерде жиындар (тағлымдамалар) өтіп жатқан кезеңде жиі

тәртіп бұзған, оқу жиындарынан (тағлымдамалардан) өтуден жалтарған студенттер әскери кафедралар бастықтарының ұсынуы бойынша жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен әскери дайындықтан шеттетіледі де, бұл жайлы студенттер әскери есепте тұрған жердің әскери комиссариаттарына жазбаша т ү р д е х а б а р л а н а д ы .

39. Студенттерді оқу жиындары (тағлымдамалары) кезінде оқу жиындары (тағлымдамалары) өткізілетін жерге барып, қайту жолының тасымал құжаттарымен және азық-түлік, жол қаражатымен, сондай-ақ оқу жиындарына шақырылған әскери қызметшілер үшін белгіленген нормалар мен тәртіп бойынша қажеттіліктің барлық басқа түрлерімен (стипендия төлеуден басқа) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қамтамасыз етеді.

Студенттерге оқу жиындары (тағлымдамалар) өтетін жерге барып, қайту үшін :

- теміржол көлігімен жүргенде - жүйрік немесе жолаушылар поездарының қатты орынды жалпы вагондарына;

- теңіз жолы көлігімен жүргенде - көлік жолдары жүзгілерінің ең төменгі санатты каюталарына (әуе креслосынан басқа);

- өзен жолы көлігімен жүргенде - көлік жолдары жүзгілерінің 4 санатты о р ы н д а р ы н а ;

- автомобиль көлігімен жүргенде - қатты орынды автобустарға, олар жоқ болған жағдайда жұмсақ орынды автобустарға;

- әуе қатынасы көлігімен жүргенде - әуе көлігі жалғыз қатынас құралы болған жағдайда, ұшақтарға, тікұшақтарға әскери тасымал құжаттары беріледі.

40. Әскери бөлімдерде оқу жиындары (тағлымдамалар) өтіп жатқан кезеңде студенттерге стипендияны төлеуді белгіленген тәртіппен тиісті оқу орындары ж ү р г і з е д і .

41. Құрамалар мен бөлімдердің (кемелердің) командирлері, әскери-оқу орындарының оқу орталықтарының бастықтары студенттермен оқу жиындарын (тағлымдамаларын) ұйымдастыру мен оны сапалы өткізуге, оларды оқытуға, тәрбиелеуге және әскери тәртіп жағдайына жауапты болады.

Құрамалар мен бөлімдер (кемелер) командирлеріне, әскери-оқу орындарының , оқу орталықтарының бастықтарына оқу жиындарын (тағлымдамаларын) ұйымдастыру мен өткізу; студенттерді жайғастыру мен белгіленген нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз ету; студенттермен оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өткізу және оны қамтамасыз ету үшін қажетті қару-жарақты, әскери техниканы, әскери-оқу мүлкін, оқ-дәрілерді, моторесурстарды, жанар-жағар майлар мен басқа да шығын құралдарын бөлу; оқу жиыны бастығын, оқу жиыны бастығының тәрбие және әлеуметтік құқық жұмыстары, тыл мен техникалық бөлім жөніндегі орынбасарларын және рота (

жиындардың) старшиналарын тағайындау жүктеледі.

Студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) ұйымдастыру мен өткізу тәртібі құрамалар мен бөлімдердің жауынгерлік даярлық бойынша моторесурстарды, оқ-дәрілерді, жанар-жағар майлар мен басқа да шығын материалдарының шығындалу есептерін көрсете отырып, белгіленеді.

Әскерде (тағлымдамаларда) оқу жиындарын өтіп жатқан кезеңде студенттерді шаруашылық немесе оқу процесін қамтамасыз ету мен олардың тұрмыс жағдайын жөнге келтіруге байланысы жоқ басқа жұмыстарға тартуға, төтенше жағдайларды қоспағанда үзілді-кесілді тиым салынады.

42. Әскери кафедра бастығына студенттердің әскери бөлімге уақтылы және ұйымдасқан түрде келуін қамтамасыз ету, оқу жиыны оқу бөлімінің бастығын тағайындау, студенттердің оқу жиынын (тағлымдамаларын) өткізу жоспарын әзірлеу мен олармен оқу сабақтарын сапалы жүргізуді қамтамасыз ету, взвод командирлері, взвод командирлерінің орынбасарлары, бөлімше (топтар, экипаждар) командирлері лауазымдарына студенттерді іріктеу және оларды өздерінің қызмет міндеттерін орындауға даярлау; нұсқаулық-әдістемелік оқу сабақтарына дайындығына және оны сапалы жүргізуіне бақылау жасау, бітіру емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жүктеледі.

43. Оқу жиынын өткізуге келген студенттер бөлімшелер (топтар, экипаждар) бойынша бөлінеді, олардан саны 25 адамнан тұратын оқу взводтары және құрамы 3-4 взводтан тұратын рота (батарея) құрылады.

Құрылған бөлімшелер оқу жиыны болып табылады.

Студенттердің оқу жиыны ұйымдастырылатын және өткізілетін әскери бөлім (құрам) командирінің орынбасарларының бірі оқу жиынының бастығы болып тағайындалады.

Оқу жиынының бастығы жиынның бүкіл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

Студенттердің оқу жиындарын өткізу кезеңінде оқу жиыны өткізілетін бөлімдердің офицерлері немесе әскери кафедралардың офицер-оқытушылары курсанттар роталарының бастығы болып тағайындалады.

Взвод командирлері, взвод командирлерінің орынбасарлары, бөлімше (топ, экипаж) командирлері осы қызмет міндеттерін орындау үшін әскери кафедраларда алдын-ала даярланған студенттер қатарынан тағайындалады.

Студенттердің оқу жиынын өткізу үшін бөлінген әскери бөлімдердің офицерлері, прапорщиктері (мичмандары) және сержанттары (старшиналары) бөлім бойынша шығарылатын бұйрықта жарияланады және жиын өтіп жатқан кезең бойында штаттық лауазымдары бойынша қызметтік міндеттерінен босатылады.

Оқу орындарының студенттерімен оқу жиындарын өткізуге бөлінген

лауазымдық адамдарды ауыстыру, тек ерекше жағдайларда ғана жүргізіледі.

44. Оқу жиындарына (тағлымдамаларына) жіберілген оқу жиындарының студенттері әскери бөлімдерде оқу жиындарына шақырылған әскери қызметшілер үшін белгіленген нормалар мен тәртіп бойынша заттай мүлік бұйымдарымен қамтамасыз етіледі.

Сынақшалар қабылдау мен курс бітіру және бітіру емтихандарын өткізу

45. Әскери даярлықтан өтуші студенттер емтихандық сессия кезінде сынақшалар мен емтихандарды тапсырады. Сынақшалар мен емтихандар саны бүкіл оқу кезеңінің бітіру емтиханын қоса, 3 сынақша және 3 емтиханнан аспайтындай болып, әскери даярлық бағдарламасында белгіленеді.

46. Әскери бөлімдердегі оқу жиыны аяқталғаннан кейін студенттер емтихан тапсырады. Мамандығына байланысты емтихандар бөлімдерде немесе жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында өткізіледі.

Бітіру емтиханын өткізу үшін оқу взводуна 3 күн беріледі (2 күн дайындыққа, 1 күн - емтихан тапсыруға).

47. Әскери кафедрада әскери даярлықтың толық курсы және әскери бөлімдерде оқу жиынын (тағлымдамаларын) өткен студенттер бітіру емтихандарына жіберіледі.

Емтихан билеттері оқу бағдарламасы ауқымында әскери кафедраларда әзірленеді және емтихандық комиссиялардың төрағалары бекітеді.

48. Әскери даярлық бойынша бітіру емтиханын тапсырмаған студенттер офицерлік құрамға аттестацияланбайды.

Әскери даярлық бойынша бітіру емтиханын қайта тапсыру оқу орнын бітіргенге дейін рұқсат етіледі.

49. Әскери даярлық бойынша студенттерден бітіру емтиханын қабылдау үшін әрбір жоғары оқу орында емтихан комиссиясы тағайындалады.

Студенттерді екі және одан да көп әскери мамандықтар бойынша даярлайтын әскери кафедраларда емтихандық комиссия әрбір әскери мамандық бойынша шағын комиссияларға бөлінеді.

Әскери комиссия (шағын комиссия) төрағалары болып Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің (кемелерінің), құрамаларының командирлері, оқу орталықтары мен әскери оқу орындарының офицерлері тағайындалады. Әскери (күштерде) студенттерден бітіру емтихандарын қабылдайтын емтихандық комиссияның (шағын комиссия) төрағалары болып студенттердің оқу жиындары (тағлымдамалары) өткізілетін бөлімдердің (кемелердің) және құрамалардың командирлері тағайындалады.

Олардың құрамына жоғары әскери немесе жоғары арнайы әскери білімі бар және студенттерді әскери даярлау бағдарына сәйкес келетін мамандығы бар осы әскери бөлімдер мен әскери кафедралардың офицерлері кіреді, бұған қоса осы комиссиялар құрамына жоғары оқу орындарының өкілдері енгізілуі мүмкін.

Емтихан комиссиясының төрағалары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен тағайындалады.

Жоғары оқу орындарында бітіру емтиханын өткізу кезінде әскерлерден (күштерден) тағайындалған емтихан (шағын комиссияның) төрағалары мен мүшелеріне тәулікақы мен пәтерақы, сондай-ақ барып, қайту жол ақылары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі есебінен төленеді.

50. Бітіру емтихандары аяқталғаннан кейін емтихан комиссиясының төрағасы емтихан комиссиясының дербес құрамы, бітіру емтиханына жіберілген және әскери даярлық бойынша бітіру емтиханын нақты тапсырған студенттер саны жайлы, емтихан қорытындылары, студенттердің әскери даярлық бойынша оқу бағдарламасын меңгерудегі жақсы жақтары мен кемшіліктері көрсетілген қорытынды есеп жасайды, студенттерді әскери оқытудың сапасын арттыру жөніндегі ұсыныстар енгізеді.

Қорытынды есептер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ұсынылады.

Студенттерді запас бойынша офицерлік құрам әскери атағын беруге аттестациялау

51. Әскери даярлықтың толық курсы мен әскерде (Әскери-Теңіз Күштерінде) оқу жиынын (тағлымдама) өткен және әскери даярлық жөнінде бітіру емтихандарын тапсырыс, денсаулығы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік лауазымдарда қызмет етуге жарамды деп танылған студент жігіттер запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланады. Запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланатындар әскери комитеттермен келісілген мерзімдерде медициналық куәландырудан өту үшін тиісті әскери-дәрігерлік комиссияларға жіберіледі. Медициналық куәландырудан белгіленген мерзімде өтпеген немесе әскери-дәрігерлік комиссиялар әскери қызметке жарамсыз деп танылған студенттер запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланбайды.

Студент-қыздар оқу орнында әскери-медициналық (арнайы) дайындық курсын өткеннен және әскери медициналық (арнайы) дайындық курсы бойынша емтихан тапсырғаннан кейін запас бойынша офицерлік құрам әскери атағын

беруге

аттестацияланады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.15. N 443 қаулысымен.

VII. Әскери-патриоттық және бұқаралық-қорғаныс жұмыстары

52. Әскери кафедралар жоғары оқу орнының қоғамдық ұйымдарымен бірлесе отырып, студенттерге Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың маңыздылығын түсіндіру және олардың конституциялық парызға адалдығын, қырағылығын, патриоттығы мен интернационалдығын қалыптастыру және Қазақстан Республикасын қорғауға әзірлігі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді.

53. Әскери кафедралар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерімен, кемелерімен, әскери оқу орындарымен және әскери комиссариаттармен үнемі байланыста болады, жоғары оқу орындарында бұқаралық-қорғаныс жұмыстарын жүргізуде қоғамдық ұйымдарға көмек көрсетеді.

VIII. Әскери кафедралардың оқу материалдық-техникалық базасы

54. Оқу бағдарламаларына сәйкес белгіленген әскери мамандықтар бойынша студенттердің сапалы даярлануын қамтамасыз етуге арналған материалдық және техникалық құралдар, ғимараттар мен құрылыстар кешені әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын құрайды.

Оқу материалдық-техникалық база студенттермен барлық оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен өткізудің материалдық негізі болып табылады және ол қазіргі ғылым мен техниканың дамуына сәйкес келуі керек.

55. Әскери кафедралардың оқу материалдық-техникалық базасына: жаттығу қару-жарақтары мен әскери техника, лабораториялық жабдықтар, оқытудың оқу-жаттығу және басқа оқу техникалық құралдары, аспаптар, көрнекті құралдар, аудиториялар, кластар, лаборатория кабинеттері, кітапханалар, оқытушылар бөлмесі, лаборанттық, басқа да оқу және қосымша-оқу үй жайлары, жаттығу жүргізілетін далалар, арнайы оқу-жаттығу кешендері, жаттығу қалашықтары, әскери алаңдары, тирлер, оқу орталықтары (полигондар) мен жалпы әскери және арнайы даярлық міндеттерін жүргізу және оқу жиындарын өткізуге арналған басқа да объектілер, оқу шеберханалары, автомобиль гараждары, ангарлар, шынжыр табанды машиналарға арналған парктер, айлақтар, техникалық қызмет ету пункттері, әскери техника, қару-жарақтар, аспаптарды, әскери-оқу және басқа

мүліктерді сақтауға арналған қоймалар, оқулықтар мен құралдары жатады.

Әскери кафедралардың офицерлік құрамымен командирлік даярлық жүргізу үшін және студенттермен әскери даярлық бағдарламасында көзделген тактикалық жауынгерлік міндеттерді пысықтау үшін кафедралар қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен әскери оқу орындарының далалық оқу базаларын пайдаланады.

56. Әскери кафедраны жайғастыру оның жоғары оқу орнының басқа кафедралары мен бөлімшелерінен бөлек орналасуын және қолданыстағы әскери жарғылары талаптарына сәйкес ішкі тәртіпті ұйымдастыру мен сақтау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Әскери кафедраға бөлінген оқу үй-жайлары оқыту бағдарламасының пәндері (бөлімдері) бойынша жабдықталады және студенттердің әскери даярлығы бойынша оқу сабақтары мен өз бетімен орындайтын жұмыстары үшін пайдаланылуы керек.

Әскери даярлық бойынша оқу сабақтарын өткізуге арналған аудиториялар, лабораториялар және басқа оқу үй-жайлары оқу техникалық құралдарымен, жаттығу қару-жарағы мен әскери техниканың табельдік үлгілерімен, аспаптармен, агрегаттармен және макеттермен жабдықталады.

Әскери кафедраға бөлінген оқу және қосымша оқу үй-жайларының саны мен сыйымдылығы студенттердің әскери даярлығы бағдарламаларының толық игерілуін қамтамасыз етуі керек.

57. Әскери кафедраларды әскери жарғылармен, басшылыққа алынатын құжаттармен, тәлімдемелермен, нұсқаулықтармен, топографиялық және теңіз карталарымен, оқулықтармен және шетел әдебиетімен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үлес органдары тегін қамтамасыз етеді.

Басқа оқу әдебиеттері, көбейткіш, проекциялық аппараттар және есептеу техникасы (компьютерлер) оқу орнының есебінен алынады.

58. Әскери кафедраларды жаттығу қару-жарағымен, әскери техникамен, әскери оқу мүлкімен және басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету тәртібі, сондай-ақ оларды сақтауды, пайдалануды, жөндеу мен есепке алуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар бірлесіп әзірлеген нұсқаулықта белгіленеді.

59. Әскери кафедраларды жаттығу қару-жарағымен, әскери техникамен, әскери оқу мүлкі және басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету табельдерін Қазақстан Республикасы Білім министрлігі және қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволармен бірлесе отырып, Қорғаныс министрлігі әзірлейді.

60. Студенттермен қару-жарақ, әскери техникамен және жаттығу жүргізілетін далада практикалық оқу сабақтарын жүргізу үшін жоғары оқу орындары өздері

бағынатын министрліктер мен ведомстволардың қорлары және қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің заттай мүліктермен қамтамасыз ету органдары арқылы арнайы киім-кешектер алады.

Климаттық жағдайларға байланысты арнайы киім-кешек жинағына: керзі етіктер, пималар, мата күрткелер, мақта кеудеше, кең мақта шалбарлар, техникаға қызмет көрсетуге арналған мақта-мата шалбарлар мен күрткелер, құлақшын-бөркі, пилотка (берет), белдік, жабық китель және балағы етікке салынатын мақта-мата шалбарлар, мақта-мата плащ-палаткалар жатады.

Жоғары оқу орындары арнайы киім-кешекті әскери даярлыққа тартылған 10 студентке - 1 жинақ есебінен 2 жылдық мерзімге пайдалануға алады. Жоғары оқу орындары әскери даярлықтан кемінде 250 студент өтіп жатқан әскери кафедраларға 30 арнайы киім-кешек жинағын алады.

61. Әскери кафедралар оқу кино және бейнефильмдерімен, соның ішінде құпия, өте құпияларымен, сондай-ақ қысқаша түсініктемесі жазылған кинофильмдер каталогтарымен оқу жылы басталғанға дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жауынгерлік даярлық басқармасына жіберілетін әскери кафедралардың жылдық өтінім-жоспарлары бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кинопрокат базаларымен қамтамасыз етіледі. Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттерге әскери оқу кинофильмдерін көрсету, оларды көрсетудің белгіленген тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады және студенттерді әскери оқыту бағдарламалары көлемінде жүргізіледі. Оқу кинофильмдерін кинопрокат базаларынан әскери кафедраларға жіберу мен қайтарып алу шығындары әскерлердің жауынгерлік даярлығына бөлінген қаржы есебінен жүргізіледі. Белгі қойылған кинофильмдер арнайы байланыс (фельдбайланыс) және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің фельдгерлік почта байланысы мекемелері арқылы жіберіледі немесе құпия құжаттарды жеткізу үшін белгіленген тәртіппен қолма-қол жеткізіледі.

IX. Әскери кафедралардағы ішкі қызмет пен ішкі тәртіп

62. Әскери кафедралардағы ішкі қызмет пен ішкі тәртіп әскери кафедраны орналастыру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, қолданылып жүрген әскери жарғылардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Әскери кафедраның күн тәртібін әскери кафедра бастығы әзірлеп, жоғары оқу орнының ректоры бекітеді.

63. Әскери кафедрада ішкі тәртіпті сақтау үшін төмендегі құрамда наряд тағайындалады:

- а) кафедра бойынша офицерлер қатарына тағайындалатын кезекші;
- б) кафедра бойынша студенттер қатарынан тағайындалатын күндізгі кезекші;

в) оқу взводтары бойынша студенттер қатарынан тағайындалатын кезекшілер ;

г) парк бойынша кафедраның қосымша-оқу қызметкерлері қатарынан тағайындалатын кезекші.

Өз міндеттерін орындау кезінде ішкі наряд кафедра бастығы бекіткен, қолданылып жүрген әскери жарғылар мен нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

Кафедраның орналасу жағдайына, күзеттің ұйымдастырылуына және жеке құрамның санына байланысты әскери кафедра бастығының бұйрығына сәйкес кафедра және парк бойынша кезекшілер бір тәулікке немесе оқу күнінен тағайындалады.

Х. Әскери кафедралардың қызмет ісін бақылау

64. Әскери кафедралар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бекіткен жоспарға сәйкес жан-жақты тексеруден және жұмыстарының жекелеген мәселелері бойынша тексеруден өтеді. Тексерулер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің комиссияларымен жүргізіледі. Олардың құрамына қарауында тексерілетін жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

Әскери кафедралары жан-жақты тексеру 5 жылда бір рет жүргізіледі. Қанағаттанарлықсыз баға алған кафедралар тексеру жүргізілген жылдан кейінгі жылы қайта тексеріледі.

Әскери кафедраларды тексеруді жүргізудің әдісі мен оларды нәтижелері бойынша бағалау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әзірлеген және бекіткен арнайы нұсқаулықпен анықталады.

ХІ. Құпиялылық режимі және құпия іс жүргізу

65. Әскери кафедраларда құпия іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімі, ұйымдары мен мекемелері үшін белгіленген тәртіппен ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Құпиялық режимін сақтаудың қажетті жағдайларын жасауға жоғары оқу орны ректорлары мен әскери кафедралардың бастықтары жауапкершілікте болады.

66. Әскери кафедраларда құпия іс жүргізу мен құпия материалдарды сақтау үшін құпия бөлімдер (кітапханалар) құрылады немесе оқу орындарының құпия бөлімдерінен құпия материалдарды сақтауды, есепке алуды және беруді

қамтамасыз ету жүктелген арнайы адамдар бөлінеді.

Құпия бөлімдердің қызметкерлері әскери кафедра бастығына, ал құпия іс жүргізу бойынша - оқу орындарының құпия бөлімдері бастықтарына бағынады.

ХІІ. Қызмет бабында хат алысу және есептілік

67. Өз өкілдігі негізінде әскери кафедра бастығына әскери кафедра бланкісінде ресімделетін қызмет құжаттарына қол қою құқы беріледі. Әскери кафедра бастықтары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер және ведомстволармен қызмет бабында хат алысуды жүзеге асырады.

Әскери кафедраларды мөрлермен, бұрыштама штамптармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, мекемелері мен ұйымдары үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

68. Әскери бөлімдерде жоғары оқу орындары студенттерімен оқу жиындарын (тағлымдамаларын) және офицерлік құраммен тағлымдамаларды өткізуге байланысты кезекті күнтізбелік жылға жасалған жоспарлар (өтінімдер) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейін ұсынылады.

69. Әскери даярлық пен әскери бөлімдерде студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларды) өткізу жөніндегі жыл сайынғы баяндамаларды жедел хабарламалар табеліне сәйкес әскери кафедра бастықтары ұсынады.

ХІІІ. Әскери кафедралардың офицерлік құрамын, прапорщиктерін тиісті үлес түрлерімен қамтамасыз ету

70. Әскери кафедралардың офицерлік құрамына (прапорщиктеріне) ақшалай үлесті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік құрамы (прапорщиктері) адамдары үшін белгіленген мөлшер және тәртіп бойынша жоғары оқу орындары төлейді.

Әскери кафедраларда әскери қызметін атқарып жатқан офицерлік құрамдағы адамдарға (прапорщиктерге), сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне әскери тасымал құжаттары (жүру жолына ақшалай қаражат) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде әскери тасымалдарды ресімдеу және олармен есептесу жөніндегі басшылыққа алынатын құжатқа сәйкес жалпы негізде беріледі.

Оқу орындарының қызметкерлеріне белгіленген тәртіп бойынша әскери кафедраның қосымша оқу қызметкерлеріне еңбек ақыны жоғары оқу орны төлейді.

71. Әскери кафедраларда әскери қызметін атқарып жатқан офицерлік құрам,

прапорщиктер мен мичмандар, оларды тиісті заттай үлес түрлерімен, тұрғын жаймен медициналық және санаторий-курорттық қызметпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне, әскери оқу орындары мен мекемелеріне бекітіледі.

Жоғары оқу орындары жанындағы
әскери кафедралар жөніндегі

Ереженің 38-бабына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803 қаулысымен .

20_____ жылы әскери бөлімдерде (кемелерде)
студенттердің оқу жиындарын (тағлымдамаларын)
өткізу жөнінде берілетін

Өтінім

! ! ! -----!
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

- 1 . М а м а н д ы қ а т а у ы
 2. Әскери-есеп мамандығының нөмірі
 - 3 . С т у д е н т т е р с а н ы
- Жиындарды (тағлымдамаларды) өткізудің мерзімдері
- 4 . Б а с т а л у ы
 - 5 . А я қ т а л у ы
6. Студенттермен өткізілетін жиындарға (тағлымдамаларға)
жіберілетін оқытушылар саны

Б а р л ы ғ ы :

Р е к т о р (қ о л ы)
Әскери кафедра бастығы (қолы)
Бекітемін Жоғары оқу орындары жанындағы
Қазақстан Республикасының әскери кафедралар жөніндегі
Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Ереженің 38-бабына
" _____ " _____ 199__ ж. 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803 қаулысымен .

20_____ жылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің әскери бөлімдерінде жоғары оқу орындары
студенттерінің оқу жиындарын (тағлымдамаларын) өткізу

жөніндегі

Жоспар

! ! ! ! ! ! !
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11

- 1 . Р / с N N
2 . Оқу орнының атауы
3 . Жиындарды өткізу орны
4 . Жиындарды өткізуге жауапты адам
5 . Жиындардың (дайындықтың) түрі
6 . Әскери-есеп мамандығының аты
7 . Студенттер саны
Өткізілу мерзімі
8 . Б а с т а л у ы
9 . А я қ т а л у ы
10 . Ұ з а қ т ы ғы

11. Студенттермен жіберілетін оқытушылар саны

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
запастағы офицерлерді даярлауға жауапты
құрылымдық бөлімшесінің бастығы

" " 199 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 9 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы Ереже

1. Күндізгі (күндізгі оқу) жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тәртіптемесі бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау мақсатында ұйымдастырылады. <*>

Бұдан былай: жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша (әскери даярлау - "әскери даярлық", жоғары оқу орындарының студенттері (курсанттары) - "студенттер", жоғары оқу орындары - "жоғары оқу орындары" деп аталады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803

қ а у л ы с ы м е н .

2. Әскери даярлық Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша Қорғаныс министрлігінің ұсынуымен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер даярлауды жүзеге асыру бойынша студенттерді әскерге даярлау бағдарын (әскери есептегі мамандықтардың аты) сол жоғары оқу орны бағынатын Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып Қорғаныс министрлігі белгілейді.

3. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда әскери даярлық, әдетте екінші немесе үшінші курстардан басталады және бітірер жылдың алдыңғы курсында әскери бөлімдерде оқу жиындарымен (тағылымдамамен) аяқталады .

Әскери даярлық оқу түрлерінің бірі болып табылады және дербес оқу пәні ретінде жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына енгізіледі.

Дәрігерлер мен запастағы медициналық қызметтің провизор-офицерлерінің (қатардағы жауынгерлер мен сержанттардың) әскери-медициналық біліктілігін арттыру, оларды мамандандыру (жетілдіру) кезінде ұзақтығы 1,5 ай немесе одан көп мерзімдік барлық циклдарда (ақы төлеп оқуды қоса) жүргізіледі.

Жоғары оқу орны жанындағы әскери кафедрада әскери даярлықтың басталуы мен аяқталуының нақты мерзімдері оқу жоспарымен анықталады.

4. Әскери даярлыққа жасы 27 жасқа дейінгі, әскери қызметке жарамды студенттер, ал Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейтін бірқатар әскери-есеп мамандықтары бойынша студент-қыздар да тартылады.

Студенттердің әскери қызметке жарамдылығы әскери даярлықтың басталуы алдында оларды әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық жағынан куәландыру қорытындылары бойынша, сондай-ақ әскердегі оқу жиындары (тағылымдама) басталар алдында анықталады. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.12. N 803

қ а у л ы с ы м е н .

5. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери даярлықты қамтамасыз ету үшін

әскери кафедралар мен циклдер құрылады.

Бұдан былай "әскери кафедра" деп аталады.

Әскери даярлықты ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережемен анықталады.

6. Әскери даярлыққа басшылықта Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер және ведомстволармен бірлесе отырып жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне:

а) Жоғары оқу орындарының студенттері запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярланатын әскери мамандықтарды Қазақстан Республикасы Білім министрлігі келісімімен белгілеу; оқу жиындарының (тағылымдаманың) жүргізілу мерзімін анықтау;

ә) Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен (қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер және ведомстволармен) бірлесе отырып, алынатын азаматтық мамандықтарын ескере отырып, әскери даярлық бағдарламаларын, әскери даярлықты қамтамасыз етуге қажетті қару-жарақтың, әскери-техникалардың, әскери-оқу және басқа да мүліктердің табельдерін әзірлеу мен бекіту, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің әскери кафедрасынан басқасы;

б) әскери бөлімдерде студенттердің оқу жиындарын (тағылымдама) ұйымдастыру мен жүргізу, жоғары оқу орындары жанынан әскери даярлық үшін қажетті оқу материалдық техникалық базаны құру;

в) әскери даярлық бойынша бітіру емтихандарын қабылдайтын арнаулы емтихан комиссиялар құру; оларды жүргізуді ұйымдастыру;

г) әскери даярлықты, әскери кафедраларда құпиялылық режимі мен мемлекеттік және әскери құпияларды сақтауды бақылау;

д) әскери кафедралардың оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары және профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру, соның ішінде жоғары оқу орындарының адъюнктурасында оқытушылар үшін орын бөлу мәселелері жөніндегі ісіне басшылық жасау;

е) жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда офицерлер, прапорщиктер үшін штаттық-лауазымдық санаттарды белгілеу және Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, әскери кафедралардың штаттық кестелерін қарап, бекіту;

ж) < * >

з) әскери кафедраларды жаттығу қару-жарағымен, оқ-дәрімен, әскери техникамен, автомобиль көлігімен, оқу-жаттығу құралдарымен; әскери техникаға

қажетті аспаптармен, аппаратуралармен, құралдармен, қосымша бөлшектермен, сондай-ақ әскери жарғылармен, қажетті тәлімдемелермен, нұсқаулықтармен, топографиялық және теңіз карталарымен, әскери даярлық жөніндегі оқулықтармен және шетел әдебиеттерімен қамтамасыз ету, жанар жағар май және басқа материалдарға лимиттер бөлу;

Әскери кафедраларды қару-жарақтың, әскери техниканың, аппаратуралардың, аспаптардың құпия және өте құпия үлгілерімен және оларға қажетті әдебиеттермен, сондай-ақ оларға тиісті жарғылармен, тәлімдемелермен, нұсқаулықтармен, оқулықтар және шетел әдебиеттерімен қамтамасыз ету белгіленген құпиялылық режимін сақтау негізінде әскери даярлық бағдарламасы а у қ ы м ы н д а жү р г і з і л е д і ;

и) әскери кафедралардың қару-жарағын, әскери техникасы мен автомобиль көлігін орташа және күрделі жөндеу, жинау, (бөлшектеу) мен жөндеу (түзеу) жү р г і з у жү к т е л е д і .

Әскери кафедраларды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуді, сондай-ақ осы тармақта көзделген жұмыстарды жүргізуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тегін жүргізеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.15. N 443, 1998.08.26. N 802 қаулыларымен .

8. Білім министрлігіне, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен в е д о м с т в о л а р ғ а :

а) бекітілген бағдарламаларға және белгіленген әскери мамандықтарға сәйкес жоғары оқу орындары жандарынан әскери даярлықты ұйымдастыру;

ә) оқу жоспарларында әскери даярлықтан өту тәртібін анықтау және осы Ереженің 11-12-тармақтарына сәйкес соған қажетті оқу уақытын белгілеу;

б) жоғары оқу орындарында қару-жарақпен, әскери техникамен, әдебиетпен жұмыс істеу және әскери даярлықты жүргізу кезінде мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау үшін белгіленген талаптарға сәйкес әскери кафедраларды орналастыру мен ұстауды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау;

в) жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен алынатын техника, қару-жарақ, жабдықтар мен әдебиеттен басқаны қоспағанда, қажетті оқу материалдық-техникалық базаны ұйымдастыру мен ұстау;

г) ведомстволық бағыныстылықтағы жоғары оқу орындары әскери кафедраларының штаттық кестелерін Қорғаныс министрлігімен бірлесіп қарау ж ә н е б е к і т у ;

д) әскери кафедралардың штат кестесін Қорғаныс министрлігінің келісуі б о й ы н ш а қ а р а у ж ә н е б е к і т у .

Ескерту. 8-тармақтың "д"-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің

9. Қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволарда әскери даярлыққа басшылық жасау үшін жеке бөлімдер, топтар ұйымдастырылады немесе әскери даярлықты ұйымдастыруға жауапты адамдардың штаттық лауазымдары белгіленеді.

Әскери даярлықты ұйымдастыруға жауапты лауазымдар жоғары әскери немесе жоғары әскери арнаулы білімі бар запастағы офицерлермен а л м а с т ы р ы л а д ы .

10. Жоғары оқу орны жанында әскери даярлықты ұйымдастыруға, ол үшін қажетті оқу материалдық-техникалық базаны жасауға, қару-жарақ пен әскери техниканы сақтауды қамтамасыз етуге, құпиялылық режимін қатаң ұстауға жоғары оқу орындарының ректорлары тікелей жауапты.

Жоғары оқу орнының ректорына:

а) жоғары оқу орны жанындағы әскери кафедрада (оқу кезеңінде) әскери даярлық үшін қажетті оқу сағаттарының санын, әскери бөлімдерде студенттердің оқу жиындарын (тағылымдамаларын) жүргізу үшін уақытты (каникул кезінде), сондай-ақ емтихандарды, сынақшаларды қабылдау мен оларға дайындау үшін қ а ж е т т і у а қ ы т т ы б ө л у ;

ә) әскери кафедраның штат кестесінің жобасын әзірлеу және әскери даярлықты жүргізу мен әскери техникаға қызмет көрсету үшін оған қажетті басшы, профессор-оқытушы құрамын, инженерлік-техникалық және қосымша оқу қ ы з м е т к е р л е р с а н ы н б ө л у ;

б) әскери кафедралар туралы Ережеге сәйкес әскери даярлықты ұйымдастыру мен жүргізудің нысандары мен әдістерін анықтау;

в) әскери кафедраның өз алдына жеке орналастырылуын қамтамасыз ету, оқу бағдарламасына сәйкес оқу сабақтарын жүргізу үшін қажетті оқу және қызметтік үй-жайларды, объектілерді бөлу, оларды ұстау мен жөндеу;

г) студенттердің әскери пәндерді басқа кафедраларда оқытатын пәндермен тығыз байланыста оқуын ұйымдастыруда әскери кафедраға оқу-әдістемелік ж а ғ ы н а н к ө м е к к ө р с е т у ;

д) әскери кафедраларда әзірліктің әдістемелік оқу-құралдарының басып шығарылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

е) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қаржыландыратын қызмет түрлерінен басқа, оқу бағдарламаларында көзделген әскери кафедра қызметінің барлық түрлеріне ақшалай қаражат бөлу;

ж) пайдаланудың, сақтаудың және қамтамасыз етудің белгіленген талаптарына сәйкес әскери техника мен қару-жаракты ұқыпты сақтауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

з) әскери кафедра жұмысының жылдық жоспарын бекіту;

и) жоғары оқу орнының ректорат немесе ғылыми кеңес мәжілісінде әскери даярлық жағдайын талқылау;

к) жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережеге сәйкес әскери кафедраның офицерлік құрамдағы адамдарын тікелей өз қызметінде пайдалану жүктеледі.

Әскери кафедра бастығының ұсынуы бойынша жоғары оқу орнының ректоры әскери кафедра қызметшілерін оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және қоғамдық жұмыстардағы жоғары көрсеткіштері үшін ынталандыра алады.

Жоғары оқу орнының ректоры әскери кафедра қызметшілерінің оқу жұмысындағы кемшіліктері үшін, оларды тәртіптік жазаға тарту немесе әскери кафедрадан шығару жөнінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тиісті органдары алдында өтініш жасай алады.

11. Жоғары оқу орнындағы әскери даярлыққа оқытушылар басшылығымен жүргізілетін міндетті оқу сабақтарының кемінде 450 сағаты бөлінеді. Әскери даярлыққа бөлінген нақты сағаттар санымен оларды оқу сабақтарының түрлері бойынша бөлу әскери мамандықтарға, жоғары оқу орнының типіне және студенттер құрамына байланысты әскери даярлық Бағдарламасымен белгіленеді.

Оқытушының басшылығымен өтетін міндетті оқу сабақтарының мөлшері күніне 6 сағаттан аспауы керек. Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмысы үшін қажетті уақыт, әскери даярлық күндерінде оқу күнінің 8 сағаты шегінде жоспарланады.

12. Студенттердің әскери бөлімдердегі оқу жиындарын (тағылымдамаларын) әскери даярлықтың соңғы кезеңінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ұйымдастырады және олар әдетте, оқытудың соңғы курсы алдында каникул кезінде жүргізіледі.

Студенттердің әскери бөлімдердегі барлық әскери мамандықтар бойынша оқу жиындарының (тағылымдамаларының) ұзақтығын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді және ол 30 күннен аспауы керек ("Штурмандық авиация" мамандығынан басқа).

"Штурмандық авиация" әскери мамандығы бойынша ұшу тағылымдамасының ұзақтығы - 76 күн, соның ішінде - 30 күн, бітірер жылдың алдындағы курс біткеннен кейін каникул уақытында және 45 күн дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғаудан кейін болады.

Әскери бөлімдерде оқу жиындарының (тағылымдамалары) өту кезінде студенттер Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңында белгіленген міндеттерді орындайды және жауапкершілікте болады. Студенттер оқу жиындарын (тағылымдамаларды) өту кезеңінде "курсанттар" деп аталады.

Оқу жиындары (тағылымдамалар) кезінде студенттерге стипендияны белгіленген тәртіп бойынша жоғары оқу орындары төлейді.

Әскери бөлімдердегі оқу жиындарынан (тағылымдамалардан) денсаулық жағдайы бойынша әскери-дәрігерлік комиссиялар оқу жиындарынан (тағылымдамалардан) өтуге жарамсыз деп таныған студенттер босатылады. Осыған байланысты олар жоғары оқу орнында әскери даярлық жөніндегі емтихандарды тапсырудан босатылады және запастағы офицерлер құрамына аттестацияланбайды.

13. Әскери даярлық кезеңінде студенттер сынақшалар мен емтихандар тапсырады. Әскери даярлықтың барлық бағдарламасымен оқу жиындарынан (тағылымдамадан) өткен студенттер, әскери бөлімдерде немесе жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда жүргізілетін және арнаулы емтихан комиссияларымен қабылданатын бітіру емтихандарын тапсырады.

Студенттердің әскери даярлық бойынша емтихандардағы алған бағалары басқа пәндер бойынша алған бағаларымен бірдей деп есептеледі.

Дәлелсіз себептермен әскери даярлық жөніндегі сабақтарға үнемі қатыспайтын, әскери бөлімдерде оқу жиындарынан өтуден жалтарған немесе әскери кафедралардағы оқу кезінде, оқу жиындары (тағылымдама) кезінде тәртіп бұзған студенттер, әскери кафедралар бастықтарының ұсынуы бойынша жоғары оқу орындарының ректорларының бұйрығымен әскери даярлық жөніндегі сабақтардан шеттетіледі.

14. Әскери даярлық бойынша емтихандарды тапсырған және запастағы офицерлік құрамға аттестацияланған студенттерге белгіленген тәртіп бойынша запастағы офицердің әскери атағы беріледі. Әскери атақтарды беру студенттердің жоғары оқу орнын бітіру кезеңінде ұштастырылады.

15. Әскери кафедралардың бастықтары мен олардың отбасылары, оқу бөлімдерінің бастықтары - әскери кафедралардың бастықтарының орынбасарларды, циклдер бастықтары - аға оқытушылар лауазымдарына сондай-ақ әскери кафедралардың аға оқытушылары мен оқытушылары лауазымына әскери қызмет атқарып жатқан жоғары әскери немесе жоғары арнаулы білімі бар, кейбір жағдайда, жоғары білімі бар және оқытушылық жұмысқа бейімі бар офицерлер тағайындалады. Аталған лауазымдар бірінші кезекте ғылыми атақтары бар әскери қызметшілермен жасақталады.

Әскери кафедралардың профессор-оқытушы құрамының штаттық лауазымдары, оларды кадрдағы офицерлермен жасақтау мүмкіншілігі болмағанда жоғарыда аталған талаптарға сай келетін запастағы офицерлермен алмастырыла алынады.

Профессор-оқытушы құрамының лауазымдарына запастағы офицерлерді әскери кафедралар бастықтарының ұсынуы бойынша жоғары оқу орындарының

ректорлары тағайындайды.

Әскери кафедра бастығы орынбасарының лауазымы профессор-оқытушы құрамының жалпы саны 20 не одан көп адамдары бар, әр түрлі әскер тектерінің әскери даярлықты екі немесе одан артық әскери-есеп мамандықтары бойынша жүргізетін кафедраларда белгіленеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.15. N 443 қаулысымен .

16. Әскери кафедралардың штаттық лауазымдарына әскери қызметшілерді тағайындау мен оларды алмастыруды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүргізеді. Әскери кафедралардың бастықтары, олардың орынбасарлары, оқу бөлімдері бастықтары - әскери кафедралардың бастықтарының орынбасарлары лауазымдарына іріктелген кандидатуралар жоғары оқу орындарының ректорларымен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен және қарауында жоғары оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарымен, одан басқа лауазымдарға - тиісті жоғары оқу орындарының ректорларымен келісіледі.

Әскери кафедралардың офицерлік құрамдағы адамдарын әскери қызметтен босату қолданылып жүрген заңдарға белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

17. Әскери кафедралардың штаттық лауазымдарына тағайындалған офицерлер мен прапорщиктер әскери қызмет атқарады және оларға әскери қызметшілер үшін белгіленген барлық құқықтар, артықшылықтар мен жеңілдіктер сақталады.

Олар заттай мүлікпен, арнаулы техникалық киім-кешекпен, тұрғын жаймен, медициналық көмек және санаторлық-курорттық емделумен сондай-ақ офицерлермен және прапорщиктермен бірдей Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сметалары және қорлары есебінен жалпы негізде заттай үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.08.26. N 802 қаулысымен , 1999.09.01. N 1282 қаулысымен , 2001.02.06. N 195 қаулысымен , 2001.08.27. N 1109 қаулысымен , 2001.11.06. N 1403 қаулысымен , 2003.08.12. N 803 қаулысымен .

18. Жоғары оқу орындары әскери кафедраларының оқытушылар құрамы қатарындағы әскери қызметшілеріне профессор және доценттік ғылыми атақтарды беру Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның Төралқасы 1993 жылы 7 сәуірде бекіткен ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Мұндай жағдайда :

а) профессор ғылыми атағын беруге әскери кафедралардың бастықтары,

олардың орынбасарлары, циклдердің бастықтары - аға оқытушылар лауазымына тағайындалған ғылым докторлары ұсынылуы мүмкін;

ә) доцент ғылыми атағын беруге әскери кафедралардың бастықтары - әскери кафедралар бастықтарының орынбасарлары, циклдер бастықтары - аға оқытушылар және аға оқытушылар лауазымына тағайындалған ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары ұсынылуы мүмкін.

Профессор ғылыми атағын беруге ерекшелік ретінде егер ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру тәртібі туралы Ереженің талаптарына сай келген жағдайларда ғылым кандидаты дәрежесі бар әскери кафедралардың бастықтары, доцент ғылыми атағын беруге - ғылыми атағы жоқ, жоғары білімі бар әскери кафедралардың бастықтары, олардың орынбасарлары, оқу бөлімдерінің бастықтары - әскери кафедралар бастықтарының орынбасарлары, циклдердің бастықтары - аға оқытушылар лауазымына тағайындалған адамдар ұсынылуы м ү м к і н .

19. Жоғары оқу орындарына әскери даярлық үшін бөлінген қару-жарақты, әскери техника мен мүлікті, сондай-ақ құпия бөлімдер мен кітапханаларды күзету үшін, қарауына жоғары оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының қаржысы есебінен ведомстводан тыс күзет ұйымдастырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 9 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша
студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы
белгіленген жоғары оқу орындарының
Тізбесі**

Университеттер

Әл-Фараби атындағы Қазақстан мемлекеттік ұлттық университеті,

А л м а т ы қ а л а с ы

Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қаласы

Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Алматы қаласы

С.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медициналық
университеті, Алматы қаласы

Қазақ мемлекеттік заң университеті, Алматы қаласы
С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті, Шымкент қаласы
Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті
Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы
Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қаласы
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен
қаласы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-техникалық университеті"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орал қаласы <*>
Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Алматы қаласы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны", Астана қаласы
М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Медициналық академиялар

Ақмола мемлекеттік медициналық академиясы
Ақтөбе мемлекеттік медициналық академиясы
Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясы
Семей мемлекеттік медициналық академиясы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, Шымкент қаласы

Институттар

Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты, Тараз қаласы
Қарағанды металлургия институты, Теміртау қаласы

Басқа оқу орындары

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кеңестер Одағының екі
мәрте Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе әскери авиациялық
училищесі

Азаматтық авиация академиясы, Алматы қаласы
Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Алматы қаласы

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.23. N 638 ,
1997.11.06. N 1500 , өзгерту енгізілді - 1998.03.02. N 160 , 1998.03.24. N 256 ,
1998.08.26. N 802 , 1999.09.01. N 1282 , 1999.09.07. N 1319 , 2000.06.26. N 943
, 2000.08.12. N 1249 , 2001.02.06. N 195 , 2001.08.27. N 1109 , 2001.11.06. N
1403 , Тізбе өзгерді - 2004.05.17. N 551 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК